

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
Топ/сынып “Қарлығаш ” мектепалды тобы
Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы 1 апта	
Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» концертке қатысу Асфальтқа сурет салу байқауын ұйымдастыру.	03.06.24
Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі өткізу. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын ұйымдастыру.	04.06.24
Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар бойынша (балалардың қалауы). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі».	05.06.24
Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру, орындау Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен)	06.06.24
«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарату. Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат ұйымдастыру Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинату.	07.06.24
Маусым айы 2 апта	
Ағаштарды бақылату, оларға күтім жасауды жетілдіру. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуіне жағдай жасау. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» Ағаштардың суретін салу.	10.06.24
Күннің ысуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда судың ысығанын бақылату.	11.06.24

Су әлемі туралы жұмбақтар шешуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	
Өсімдіктерге қамқорлықтытабиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құюды ұйымдастыру. Гүлдер туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	12.06.24
Шығармашылық студиясында саз балшықтан түрлі түсту және түрлі көлемдежемістер жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	13.06.24
«Дені саудың – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болады-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта»дидактикалық ойындарын ойнату. «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар,а жағдай жасап ойнату.	14.06.24
Маусым айы 3 апта	
Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	18.06.24
Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету	19.06.24
Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу.	20.06.24
Көркем шығармаларды сахналау.«Түлкі мен қоян» ертегісі. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен таңдаған тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау.	21.06.24

Маусым айы 4 апта	
Құстар әлемі. Құстарға жем беру -торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, Тапқатар жаттату. Табиғи заттармен әр түрлі құрылымдар құрастыру.	24.06.24
«Көңілді доп» үйірмесі.Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру. Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам».	25.06.24
Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру. Теартландырылған қойылым атрибуттарымен ойындар. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	26.06.24
Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату Қимыл-қозғалыс ойыны «Бақшадағы қояндар».	27.06.24
Құрбақа, көбелек,құмырсқа (тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелету. «Ерте, ерте, ертеде»атты тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	28.06.24
Шілде айы 1 апта	
«Раушан, райхан» «түймедақ» гүдерін бақылату, гүлдерді салыстыру, түсін , исін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және мольбертте. Ұлттық қимылды ойындар ойнату.	01.07.24
Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы суреттер арқылы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.	02.07.24
«Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру	03.07.24
«Су патшалығындағы ойындар» айдарымен ойнату	04.07.24
Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы». Саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау.	05.07.24

Шілде айы 2 апта	
Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату. «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығуын ұйымдастыру	09.07.24
Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су» тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап, ұйымдастыру Су бетінде сурет салу дағдысын қалыптастыру	10.07.24
Балалар ұнататын мультфильмдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен таныстыру	11.07.24
Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп, әңгімелету. Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру.	12.07.24
Шілде айы 3 апта	
«Өке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасату. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	15.07.24
Дәстүрден тыс материалмен сурет салғызу. Көкөністердің шырынымен бояту. Құммен сумен еркін ойындар	16.07.24
Нептун күніне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру. «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасату.	17.07.24
«Емхана», «Дүкен» тақырыбында желілі ойындарды ұйымдастыру. Ол жерде жұмыс жасайтын мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	18.07.24
«Түсіне қарай топтастыр» дидактикалық ойыны негізінде балаларға әр түсті бет орамалдарды, доптарды, шариктерді беріп, салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	19.07.24
Шілде айы 4 апта	
Балаларға көліктер мен үй жиһазы жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау. Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату.	22.07.24
Жалпы топтық биді (Флешмоб) ұйымдастыру	23.07.24
«Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру. «Қоймадағы тышқандар» қимылды ойынын ойнату	24.07.24

«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру	25.07.24
Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу	26.07.24
Шілде айы 1 апта	
Алтын балықпен бірге балықтар патшалығына саяхат жасату. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауын ұйымдастыру.	29.07.24
Түрлі көлемді доптар қандай ойынға қолданады таныстыру – футбол, баскетбол, тенис, оларды түрлі нысанға тастау ойындарын ойнату	30.07.24
Дәстүрден тыс материалмен сурет салғызу. Көкөністердің шырынымен бояту. Құммен сумен еркін ойындар	31.07.24
Тамыз айы 1 апта	
Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылату, жем бергізу. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	01.08.24
Балалар ұнататын мультфильмін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауы бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру.	02.08.24
Тамыз айы 2 апта	
Күн әсері мен шуағына бақылау жасату, әңгімелету. Құмнан төбешіктер жасату	05.08.24
Аула гүлдерін тану, атын атау, су құйып күтім жасату Балабақша ауласын тазартуда көмек беру, су шашу. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнату	06.08.24
Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); - ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру;	07.08.24
Әр түрлі әдістермен жүгіруден жарысұйымдастыру	08.08.24

Таза ауада ұлттық ойындарды ойнату: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	
Сүйікті ертегі айдарымен үстел үсті театры, кейіпкерлерді алып, рөлді орындауды үйрету. Достық туралы ән тыңдату, бірге айтуын ұйымдастыру. «Досыма сыйлық» жапсыру жұмысын жасату	09.08.24
Тамыз айы 3 апта	
Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдату. «Бауда ма, әлде бақшада ма?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру	12.08.24
Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу жұмыстарын ұйымдастыру. Балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету	13.08.24
Көңілді билер. Әр түрлі ұлттардың ұлттық биін билету. «Жемістер мен көкөністер» фестивалін ұйымдастыру; Жұмбақтар мен тақпақтар сайысын өткізу;	14.08.24
Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелету; - асықтарды дайын бояулармен бояту, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	15.08.24
Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу;	16.08.24
Тамыз айы 4 апта	
«Шаштараз» , «Асхана» желілі ойындарды ұйымдастыру, мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір - бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	19.08.24
Топ ауласына ұшып келген құстарды бақылату, олар немен көректенеді (құмырсқа,қоңыз,өрмекші), олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу	20.08.24
«Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеуін дамыту; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.	21.08.24
Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу	22.08.24

Лақ – жайлы әңгіме айту, оны еркелетіп сипауды ұйымдастыру. Бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету	23.08.24
Тамыз айы 1 апта	
Балаларға таңдау еркіндігін беріп, қалаған затын жарамсыз заттардан жасату. Шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрін қолданып жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзіне ұнаған бейнені қағазға жапсырып жасату;	26.08.24
Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп ертегіні сахналату. «Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», тақырыптарға әңгімелесу.	27.08.24
Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектенуін ұйымдастыру; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.	28.08.24
«Қош бол жайдары жаз» музыкалық іс шараны ұйымдастыру	29.08.24

Әдіскер: Туримбетова Г.К. 